

## Ақтау халықаралық теңіз сауда портының екінші кезегі құрылысының кейбір мәселелері

### *Күшін жойған*

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2005 жылғы 13 қыркүйектегі N 916 Қаулысы . Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 2007.02.27. N 152 қаулысымен

**Ескерту. Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 2007.02.27. N 152 қаулысымен.**

Ақтау халықаралық теңіз сауда портының (бұдан әрі - Ақтау порты) екінші кезегінің құрылысын салу мақсатында Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. "Mobilex Oil Terminal" жауапкершілігі шектеулі серіктестігі (бұдан әрі - Серіктестік) сатып алудың маңызды стратегиялық мәні бар Ақтау портында мемлекеттік инфрақұрылымдық құрылыстар (толқын тосқы, жағалаудағы толқын тосқы, басқа гидротехникалық құрылыстар) салу, теңіз түбін тереңдету жұмыстарын жүргізу жөніндегі жұмыстар мен қызметтерді атқарушы болып белгіленсін.

2. Қазақстан Республикасы Көлік және коммуникация министрлігінің "Ақтау халықаралық теңіз сауда порты" республикалық мемлекеттік кәсіпорнына (бұдан әрі - Кәсіпорын) заңнамада белгіленген тәртіппен:

1) осы қаулының 1-тармағында көрсетілген заңды тұлғамен мемлекеттік сатып алу туралы шарт жасасуды;

2) ақшаны оңтайлы және тиімді жұмсау қағидатын сақтауды, сондай-ақ "Мемлекеттік сатып алу туралы" Қазақстан Республикасының 2002 жылғы 16 мамырдағы Заңы 21-бабының 3 және 4-тармақтарын орындауды;

3) осы қаулыдан туындайтын өзге де шараларды қабылдауды қамтамасыз ету ұсынылсын.

3. Кәсіпорын Қазақстан Республикасы Көлік және коммуникация министрлігімен бірлесіп, заңнамада белгіленген тәртіппен Ақтау порты екінші кезегінің құрылысы үшін жалпы алаңы 22 га жер телімін 49 (қырық тоғыз) жыл мерзімге мына шарттармен Серіктестікке уақытша өтемді пайдалануға беруді **қ а м т а м а с ы з е т с і н :**

1) жер телімін кепілге беру және жалға алушының жер телімін нақты иеліктен шығаруға әкеп соқтыратын кез келген шаралар мен шешімдерді **қ а б ы л д а у қ ұ қ ы ғ ы н с ы з ;**

2) қолданыстағы заңнамаға сәйкес табиғи ресурстар мен қоршаған ортаны қорғауды қамтамасыз ету.

3-1. Маңғыстау облысының әкімі Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігімен келісім бойынша Ақтау портын солтүстік бағытта кеңейту және гидротехникалық құрылыстар салу үшін заңнамада белгіленген тәртіппен су қоры жерінен жалпы алаңы 35 гектар жер учаскесін 49 (қырық тоғыз) жыл мерзімге осы қаулының 3-тармағында көзделген шарттарда Серіктестікке уақытша өтемді жер пайдалануға беруді қамтамасыз етсін.

Ескерту. 3-1-тармақпен толықтырылды - ҚР Үкіметінің 2006.06.22. N 573 (алғаш рет ресми жарияланған күнінен бастап он күнтізбелік күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

4. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

*Қ а з а қ с т а н      Р е с п у б л и к а с ы н ы ң*

*Премьер-Министрі*